

# МЕКТЕП МЕНЕДЖМЕНТІ: АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ МЕН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Қазіргі білім беру ұйымдарының алдында әлемдегі болып жатқан өзгерістерге жылдам бейімделетін тұлға тәрбиелеп шығару міндеті тұр. Жаңа жағдайда мектептегі оқыту процесі оқушылардың өмір бойы оқуын қамтамасыз ететін құзыреттерінің қалыптасуына және артуына негізделуі тиіс. Осы тұрғыдан «Еліміздің білім беру ұйымдарына ХХІ ғасырдың жаңа талаптарына сай болу мақсатында қандай өзгерістер енгізу қажет?» деген сұрақ еріксіз туындайды.

**С**оңғы жылдарда инновациялық үрдіс тек оқыту мен тәрбиелеуде ғана емес, басқару үрдісінде де кеңінен таралуда. Қазіргі заманғы мектеп директоры дамушы мектепті басқаруға қабілетті менеджер және көшбасшы – реформаторлық қабілетті ұштастыра алатын тұлға болуы қажет.

«Сапаны үнемі жақсарту» тұжырымдамасының авторы Эдвард Деминг «...іс-әрекеттің дұрыс орындалмауының 15%-ы

орындаушыларға, ал 85%-ы басқаруға байланысты» дегенін ескерсек, алдымен басқару жүйесін, басқару ұстанымын өзгерту керек.

Гимназияның іс-тәжірибесінде толық көрініс тапқан синергетикалық негізде басқарудың қазіргі модернизациялау уақытында заманауи талаптарға сай мектепте адами ресурстарды қалыптастыруды басқару үшін ерекше екенін көрсету мақсатында апробациядан өткен



білім беру ұйымының педагогикалық басқару технологиясының моделін ұсынамын.

Өзгермелі қоғамда өмір сүретін азаматтарды өмірге дайындауға тікелей міндетті мұғалімдер қауымы өзінің негізгі проблемаларын өзі айқындап, өзі шеше алуы үшін мұғалімдердің рефлексиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында сабақтарын таспаға түсіріп, өзіндік талдау, рефлексия жазу жұмыстары қолға алынуда.



Өйткені, өзінің ой-пікірі мен іс-әрекетіне өзі талдау жасап, өзі баға бере алмаған педагог кәсіби тұрғыдан өсуі мүмкін емес. Тізбектелген сабақтарда американдық ғалым Б.Блумның «толық меңгеру теориясы» негізге алына бастады. Оқушыға оқулықта берілген тақырыптың мазмұнын толық меңгертумен қатар проблеманы шешкізу, салыстыру, іздендіру, талқылату, бағалату, өз ойын айтқызу сияқты әрекеттер ұстаздардың сабақтарында жүзеге асырыла бастады.

Халықаралық зерттеу көрсеткендей оқушылардың жетістіктерінің математикадан және жаратылыстану пәндерінен жоғары болу себептерінің бірі олардың зерттеу және жобалау жұмыстарында функционалдық графикалық сауаттылығының қалыптасқандығы болып табылады. Осы мәселелерді жүзеге асыру үшін зерттеушілік оқыту және жобалау технологиясы бойынша эксперименттік алаң ашылды. Зерттеу іс-әрекетінің негізінде білім беру процесін ұйымдастыруда бірінші орынға зерттеуді жобалау мәселесі қойылып отыр.

**PISA-2009 зерттеуі баланы оқыту мен тәрбиелеу процесіне ата-аналардың қатысуы функционалдық сауаттылық деңгейіне оң әсер ететінін көрсетті. Осыған байланысты, ата-аналарды мектеп өміріне белсенді түрде қатыстыруға бағытталған**



**шаралардың тұтас жүйесі: қамқоршылық кеңесі, ата-аналар қауымдастығы, ата-аналар университеті құрылған.**

Гимназияның ғылыми-әдістемелік орталығында гимназияның тәжірибесіне SWOT талдау жасалып отырылады. Талдауда гимназияның S (Strength) мықты жақтары, W (weakness) әлсіз жақтары, O (opportunity) қолайлы мүмкіндіктері, T (treat) қауіп-қатерлер анықталып, алдағы оқу жылының даму бағдарламасының әдістемелік бағыты жоспарланады. Сонымен қатар гимназияның оқыту үдерісіне

мектептегі шағын проблемаларды кәсіби қоғамдастықтар арқылы шешумен жұмыс жасала бастады.

Мектеп жүйе болса, кірісте – сұраныс, шығыста – қанағаттану параметрлері тұр.

**ҰБТ нәтижесінде гимназия түлектерінің білім сапасының 98-99 пайызды құрауы, олардың 80-90 пайызы мемлекеттік грант иегерлері болып отырғаны – гимназия миссиясының орындалғаны.**

Яғни, гимназия өскелең ұрпақтың тез өзгеретін әлемде табысқа жетуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандырып, бәсекеге қабілетті адами капиталды дамытуда.

*А.Б. НИЯЗБЕКОВА,  
Б. Момышұлы атындағы № 45  
қазақ классикалық гимназиясы,  
Тараз қаласы*



## АННОТАЦИЯ ○

В статье А. Ниязбековой рассказывается о менеджменте школы и перспективе классической гимназии № 45 г. Тараз. Автор рассуждает о роли учителя и семьи в воспитание ученика двадцать первого века.